

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2476 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес және "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының шығуына байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 390-құжат; 1993 ж., N 8, 178-құжат);

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 391-құжат);

"Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы" 1994 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің N 1658 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., 177-құжат) 5-тармағының бірінші абзацынан басқасының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті